

18. BQOMM, 37-қ., 10-т., 22-іс.
19. Shlionskaya E. Budem usilenno rabotat dlya fronta // Priuralskaya pravda, 1942. - 16 yanvarya.
20. Chapyrin M. Patriotkalar qosymsha mamandyq meңgeredi // Ekpindi qurylys, 1941. - 6 shilde.
21. Glebov N. Patriotkaldrdyń tilegi men isi // Ekpindi qurylys, 1941. - 25 shilde.
22. Tryakin A. Rastut mehanizatorskie kadryi // Priuralskaya pravda, 1942. - 23 yanvarya.
23. Erlerdiń professuasyn meңgerýde // Ekpindi qurylys, 1941. - 31 tamyz.
24. Berdeshev O. Jas áiel, qyzdardan traktorshy, kombainyshylar daıarlanyp jatyr // Kommýnist, 1941. - 31 shilde.
25. Egorov A. Gotovit mehanizatorskie kadryi // Priuralskaya pravda, 1942. - 10 yanvarya.
26. Lavrinenko Ya. V interesah fronta // Priuralskaya pravda, 1942. - 1 yanvarya.
27. Arutyunyan Yu.V. Sovetskoe krestyanstvo v godyi Velikoy Otechestvennoy voyni. – Moskva: AN SSSR, 1963. – 459 s.
28. QROMA. 1473-qor, 1-tizbe, 237-іс

ӘОЖ: 94(574)
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.05>

М.Тастанбеков¹*, А.Сандыбаева², Л.Динашева³

¹т.ғ.к., доцент, Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі,
Түркістан қ., Қазақстан, E-mail - murat-t@mail.ru

²т.ғ.к., Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,
Түркістан қ., Қазақстан, E-mail – akmaral0067@ayu.edu.kz

³ т.ғ.к., Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,
Түркістан қ., Қазақстан, E-mail – dinash_lyazzat@mail.ru

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Андатпа

Зерттеу жұмысының мақсаты – Ресей империясы кезеңіндегі Түркістан қаласындағы білім беру жүйесінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Қарастырылып отырған кезеңдегі өзіне тән барлық өзгерістермен аймақтағы халықтық білім берудің жағдайы, мұсылмандық оқу орындарының (мектептер мен медреселердің) құрылымы мен оқу бағдарламаларының мазмұны аймақты отарлауға дейін және отарлық билік жылдарындағы оқу жүйесі Түркістан қаланың мысалында талданады. Зерттеудің маңыздылығы дәстүрлі білім беру жүйесінің сақталу деңгейінің анықталуында, отаршылдық кезеңдегі халық ағарту жүйесіндегі трансформация үдерісінің Түркістан қаласының нақты мысалында қолдану арқылы жаңа әдісті мектептердің маңыздылығы мен аймақтағы халыққа білім берудің жағдайы көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде қазақ халқына қатысты білім беру саясаты мәселесі жалпы үкімет тарапынан Түркістан генерал губернаторлығында жасалған кейбір өзгерістерге қарамастан, аймақты жалпы империялық кеңістікке біріктіру әдістерінің бірі ретінде мұсылман мәселесі арқылы қаралғаны дәлелденді.

Түйін сөздер: Түркістан, білім беру, мұсылман оқу орындары, мектеп, медресе, училище, жәдидтік.

Бұл зерттеу ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «XIX-шы және XXI-ші ғасырлардағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу» (BR10164179) гранттық жобасы аясында жүргізілді.

Тастанбеков М. ¹* Сандыбаева А. ², Л. Динашева ³

¹к.и.н., доцент, Государственный историко-культурный музей-заповедник "Әзірет Сұлтан",
Туркестан, Казахстан, E-mail – murat-t@mail.ru

²к.и.н., доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ахмеда Ясауи,
Туркестан, Казахстан, E-mail – akmaral0067@ayu.edu.kz

³ к.и.н., доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан
E-mail – ³dinash_lyazzat@mail.ru

СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В ГОРОДЕ ТУРКЕСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ

Аннотация

Целью исследовательской работы является определение уровня и особенностей развития системы образования в городе Туркестане в период Российской империи. Для анализа положения образования в крае со всеми присущими ему переменами в рассматриваемый период на прочной источниковой базе прослеживается состояние народного образования, структура и учебные программы мусульманских образовательных учреждений (мактабы и медресе) до колонизации края и изменения в образовательной системе в годы колониального режима на примере города Туркестан. Ценность исследования заключается в том, что выявлены уровень сохранения традиционной системы образования, изучен преобразовательный процесс в системе народного просвещения в колониальный период на конкретном примере города Туркестана, показано значение новометодных школ и состояние народного образования в крае. В результате исследования доказано, что вопрос образовательной политики в отношении казахского населения, несмотря на некоторые преобразования в Туркестанском генерал-губернаторстве, рассматривался через призму мусульманского вопроса как один из методов интеграции региона в общеимперское пространство.

Ключевые слова: Туркестан, образование, мусульманские учебные заведения, мектебы, медресе, училище, джадидизм.

Работа выполнена в рамках грантового проекта Министерства культуры и спорта РК «Комплексное изучение социально-экономической и культурной истории города Туркестан в XIX - начале XXI веков» (BR10164179)

M.Tastanbekov^{1}, A.Sandybayeva², L.Dinasheva³*

*¹Doctor of History, associate professor, State historical and cultural museum-reserve "Azret Sultan",
Turkestan, Kazakhstan, E-mail – ¹murat-t@mail.ru*

*²Doctor of History, associate professor of the International kazakh-turkish university named after Akhmet
Yassawi, Turkestan, Kazakhstan, E-mail – ²akmaral0067@ayu.edu.kz*

*³Doctor of History, associate professor of the International kazakh-turkish university named after Akhmet
Yassawi, Turkestan, Kazakhstan, E-mail- ³dinash_lyazzat@mail.ru*

THE EDUCATION SYSTEM IN THE CITY OF TURKESTAN IN THE SECOND HALF OF THE 19 th – THE BEGINNING OF THE 20th CENTURIES

Abstract

The purpose of the research work is to determine the level and features of the development of the education system in the city of Turkestan during the period of the Russian Empire. To analyze the provisions of education in the area with all its inherent changes during the period, on a solid source base, the state of public education is traced, the structure and study programs of Muslim educational institutions (maktabs and madrassas) before colonization of the area and modifications in the educational system during the years of the colonial regime as exemplified by Turkestan.

The value of the study arises in the fact that the level of preservation of traditional education system, the transformation process in the system of public education in the colonial period in the specific example of Turkestan was revealed, the importance of new-methodical schools and the state of public education in the region were shown.

The value of the study is seen in the fact that revealed the level of preservation of the traditional education system, studied the transformation process in the public education system in the colonial period with a specific example of Turkestan city, shown the importance of new method schools the importance of new method schools and the state of public education in the edge.

Research results prove that the issue of educational policy in relation to the Kazakh population, despite some transformations in the Turkestan GeneralGovernorship, was considered through the prism of the Muslim issue as one of the methods of integration of the region into the general imperial space.

Keywords: *Turkestan, education, muslim educational institutions, mektebs, madrasas, colleges, jadidism.*

This research has been is funded by the Ministry of Culture and Sport of the Republic of Kazakhstan (BR10164179 «Complex research of socio-economic and cultural history of the town Turkestan middle19-th - beginning 21-th century»)

Кіріспе. Түркістан өлкесінің патша үстемдігі дәуіріндегі оқу-ағарту жүйесінің ұйымдасу және қызмет атқару істерінің даму барысын басқа да тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып зерттеу арқылы ерекше-ліктерінің түбірін түсіне аламыз. Ағартушылық мәселесіне қатысты орын алған тарихи құбылыстар мен оқиғаларды талдау арқылы мәдени-тарихи тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырудың маңызы зор. Осы тұрғыдан мұсылмандық мектептер мен медреселердің халыққа білім берудегі маңызы, оларға патша билігінің тосқауыл қою мақсатында орыстандыру саясатын жүзеге асыру үшін орыс-түземдік мектептерін ашуы, мұсылмандық оқу орындарына жаңа серпін берген жәдидтік ағымның қалыптасуы сияқты үдерістерге назар аударылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс генералы Черняев отрядтарының жорықтары нәтижесінде Түркістан, Шымкент, Әулиеата және тағы басқа қалалар әскери күшпен Ресейдің қоластына өтті. Осылайша Қазақстанның оңтүстігінің Ресейге қосылу және онда жаңа әкімшілік өлкенің құрылу үдерісі аяқталған болатын. Сырдария облысының бір уезіне айналған Түркістан қаласы империяның бір бөлігіне айналды. Олардың барлығында біртұтас әскери-отарлық басқару жүйесі қалыптасты. Бұндай күрделі құрылымның генезисі аймақтың ғасырлар бойы орныққан саяси, экономикалық және рухани интеграциялық дәстүрлері мен тарихы Ресейдің патша өкіметінің Түркістан қоғамын модернизациялау барысында қалыптасты.

Түркістан өлкесінің Сырдария облысы патша әкімшілігінің әскери-экономикалық тұрғыдағы стратегиялық аудандарының бірі ретінде қарастырылды. Осы мақсатта облыстың аумағынан кесіп өтетін Орынбор-Ташкент теміржолының желісі салынды. Бұл саяси-экономикалық қадам аймақтың әлеуметтік-шаруашылық дамуында бірқатар рөл атқарды. Патша билігі жергілікті халықты тиімді билеп-төстеу мен табиғи ресурстарын оңтайлы игерудің жолдарын барынша ойластырды. Сонымен қазақ жерлерін қарудың күшімен Ресей құрамына қосылудың аяқталуы және империяның оңтүстік-шығыс шектерінде орнығуы Қазақстанды басқаруды әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріне қалыптасқан жаңа өзгерістерге сәйкес қайта құру міндетін алға қойды. Патша үкіметі жаулап алған өлкені Ресейдің отарына айналдырудың барлық тетіктерін пайдаланды. Бұл өлкеде патша әкімшілігі құрған мектептер жүйесі де патшалық отаршылдық саясаттың құралы қызметін атқарды.

Әдістеме. Жұмыста Ресей патша әкімшілігінің тапсырмасы бойынша Түркістан өлкесінде болған ғалымдар мен саяхатшылар, әскери қызметкерлерінің жарияланған есептері мен еңбектері, сондай-ақ отандық ғалымдарының мақалалары мен қорғалған диссертациялар материалдары негізінде қарастырылып отырған шеңберде Түркістан қаласындағы білім ісінің деңгейі мен мазмұны сараланып, ғылыми зерттеу жүргізіледі.

Зерттеу барысында объективтілік пен тарихилық принциптері, тарихи-салыстырмалы және талдау методологиялық әдістері қолданылды. Бұл ғылыми әдістер негізінде империя тұсында Түркістан қаласындағы білім беру ісінің жағдайы мен мазмұны Ресей патша өкіметінің саяси, әлеуметтік, этникалық факторлармен тығыз байланыста қарастырылып, патша әкімшілігінің стратегиялық бағытын жүзеге асыру үшін ең алдымен білім ошақтарын қалыптастыру керектігі назарға алынғаны дәлелденді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығында Түркістан қаласында білім беру ісінің дамуы туралы ғылыми айналымдағы деректерді талдай отырып, ол үдерісті өркениеттілік ұстаным мен тарихилық принцип негізінде, мәдени-тарихи тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырылады. Осы ұстанымдар тұрасында Ресей империясы тұсында жұмыс атқарған орыс-түзем мектептеріне қазақтардың өз балаларын білім алуға беруге ықыласты болмауының ішкі себептерін пайымдауға болады. Сонымен қатар, XX ғасырдың басында жәдидтік мектептердің пайда болу себептері анықталады.

Талқылау. Түркістан қаласының тарихына арналған алғашқы еңбек ретінде А.Добросмысловтың зерттеуін бөлек айтуға болады [1]. Еңбекте зерттеуімізге қатысты қаладағы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ашылған білім ошақтары туралы мәліметтердің маңызы зор. Автор Түркістан қаласы туралы біршама толық ақпараттар баяндағанымен, олардың деректік мазмұны басым болып келеді.

Патшалық Ресейдің орыстандыру саясатының өкілдері, миссионер-ғалымдар Н.Ильминский, Н.Остроумовтың XIX ғасырдың соңында Орта Азияның мұсылман халықтарының санасын рухани-діни бағыттар бойынша отарлаудың заңдылықтарын айқындайтын бірнеше еңбектері жарық көрді. Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту ісінің ұйымдастырушысы Н.Остроумов «Түркістан өлкесінде орыс-түземдік мектептер арқылы орыстандыру саясаты басшылыққа алынады» деп ашық айтқан болатын [2].

Белгілі шығыстанушы В.Бартольд Түркістан өлкесінің мәдени өмірін зерттеген «История культурной жизни Туркестана» еңбегінде жаңа әдісті мектептерге, жалпы білім беру жүйесіне және нәтижелеріне тоқталып өтеді. В.Бартольд Түркістан қаласында 1900 жылдан бастап 30 ескі әдіспен оқытатын мектептердің 2-уі жаңа әдіске көшкен болатын, оның біреуі қазақ мектебі болғанын айтады [3,137].

1870 жылдың наурыз айында Ресей Ағарту министрлігі арнайы заң қабылдады. Заң аясында оқу орындарында қатаң талаптар орнатылып, Н.Ильминскийдің орыстандыру саясатының тетіктерін күшейтетін педагогикалық білім бағдарламасы енгізілді. Мұсылмандық оқу орындарында сабақ өз ұлт тілінде, бірақ міндетті түрде орыс әліпбиімен және орыс тілін оқыту міндетті болды. Сондай-ақ, орыс тілін білетін азаматтар қатарынан ғана мұғалімдерге сабақ беруге рұқсат етілді [4, 415]. Бұл турасында М.Мырзахметов атап өткендей: «Патша билігінің отарлау жүйесіндегі ең тиімді сыналған әдістерінің бірі – отарланған аймақтарға қоныс аударушыларды барынша шоғырландыра отырып, жергілікті халықтың үнін шығармауға, аралас мектептерді құру негізінде орыстандыру, шоқындыру мәселесіне келіп тіреледі» [5, 234]. Жаңадан ашылған білім орындарында балаларын оқытқысы келетіндерден оқу бөлімінен арнайы рұқсат куәліктерін алуын талап етілді.

Ресей империясының қазақ даласына отарлық саясатының салдары мұсылмандық мектеп пен медреселердің қызметі туралы З.Садвакасова, Н.Нуртазина, Д.Қамзабекұлы, С.Смагулова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады.

З.Садвакасова мұсылмандық білім беру орындарындағы оқу үдерісі мен сабақ беру әдістерін зерттейді [6].

Ислам дінінің таралу тарихын зерттеуші Н.Нуртазинаның пікірі бойынша жәдидшілдіктің қалыптасуының мәдени алғышарттары Ресейдің қол астындағы халықтарға жүргізіп отырған орыстандыру саясатына тікелей байланысты болды [7, 102].

Камзабекұлы Д. жәдидшілдікті жаңару, ұлттық рухани серпіліс беру жолындағы жаңа бағыт деген көрытынды жасайды [8, 162].

С.Смагулова XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстандағы мұсылмандық оқу орындары туралы мәселелерді қарастырып, Халық ағарту Министрлігі бекіткен жоба бойынша тағайындалған инспекторлық қызметіне қатысты мәліметтер береді. Инспекторлар құзырларындағы мектеп-медреселердің қызметі туралы жалпы ақпараттарды білім министрлігіне хабарлап отыруға міндетті болды [9,18].

«Исторический опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX- начале XX веков» атты Н.Адельбаеваның еңбегінде Қазақстандағы білім беру сипаты XX ғасырдың басына дейін діни сипатқа ие болған, кейін білім беру ісі діни-зайырлы сипатта болды деп көрсетіледі [10,28]. Сонымен қатар, автор Түркістан өлкесіне кеңінен тараған жәдидшілдік қозғалысты прогрессивті тарихи маңызы бар құбылыс деп бағалайды.

Ғылыми жоба аясындағы зерттеу жұмысымызда Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА), Түркістан Облысының Мемлекеттік Архиві (ТОМА), Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архив (РФМА) қорларындағы деректер пайдаланылып, Түркістан өлкесіндегі мектеп-медреселер, олардағы оқыту жүйесі мен бағдарламалары, жаңа әдісті мектептер, білім беру саласында қол жеткізген жетістіктері туралы хабарламалық ақпараттар алынды. Атап айтқанда, ҚРОМА-ның 119, 145 қорлар, ТОМА-нің 1129 қоры, РФМА-ның 543 қорындағы материалдары зерттеу жұмысымыздың негізгі деректік көзін құрады.

Нәтижелер. 1867 жылғы Түркістан өлкесін басқару туралы ережеде Түркістан қаласы Шымкент уезінің құрамында өмір сүрді. Бұл үрдіс 1871 жылға дейін жалғасты. 1871 жылы жеке уездік ретінде түзіліп, 1886 жылғы реформадан соң, Шымкент уезінің құрамына қайта енгізілді. Бірақ, 1914 жылғы бұйрыққа сәйкес өз алдына уез болып қалыптасты.

Қала уездік қалаға айналғаннан бастап, тұрғындар саны көбейді. Жалпы 1854 ж. қала тұрғындар саны – 5000, ал тұрғын үй құрылымы 1200 шаңырақ, 1878 ж. Түркістан уезінде – 1495 үй, 13152 адам тұрды [11, п.4].

Қалаға бөлінетін қаржы бойынша халық ағарту ісіне жұмсалатын шығындар қаланы аббаттандыру, полиция, шаруашылық басқару және медицина саласынан кейін бесінші орында болды. Халық ағарту

ісіне қалаға 1887 жылы - 851 рубль, 1897 жылы – 1256 рубль, 1907 жылы 2092 рубль қаржы бөлінген болатын [12, 130].

Түркістан қаласы орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болды. Түркістанда рухани тәрбие, сондай-ақ білім орталықтары ретінде ең алдымен мешіттер, мектептер мен медреселер қызмет атқарды. Медреселер мешіттің жанынан ашылып, көп жағдайда оқитын шәкірттердің есебінен қаржыландырылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде негізінен мұсылмандық білім беру мекемелері жұмыс жасап тұрды. Мұсылмандық білім мектеп пен медреселерде алып тұрды. Мұсылман мектептері оқу орындарының бастауыш сатысы болды. Мектеп оқушылары сауатын ашып, құранды жатқа оқитын болған. Мектептен білім алған балалар оқуларын медреседе жалғастыра алды.

Медресе – орта және жоғары оқу орны болып есептелінді. Медреселерде молдалар және мектеп мұғалімдері даярланды. Халық арасында медреселердің беделі өте жоғары болды. Оқу мерзімі үш-төрт жылға дейін жалғасты. Медресе шәкірттері исламның діни қағидалары бойынша сауатын ашып, философия, математика, медицина, тарих, тіл пәндері аясында қосымша білім алулары тиіс саналды.

Бастауыш мектептер бір-екі сыныптық аралықта болды. Оқу мерзімі 1 жылдан 6 жылға дейін созылды. Мектеп пен медреседе оқу мерзімінің ұзақтығы шәкірттің қабілетіне немесе кейбір жағдайда денсаулығына байланысты болған. Сынып шәкірттерінің жас ерекшелігі де сақталмаған еді. Бір сыныпта 7-8 жасар оқушы 12-14 жастағы балаға дейін оқыды. Оқу курсының аяқталуы белгілі бір діни кітапты жаттап алуымен белгіленген. Мектеп оқушылары оқудың алғашқы жылы араб алфавитін жаттап, одан кейін оқуға кіріскен болатын. Оқушы мәтіндерді тек жатқа оқығандықтан, жаңа таныс емес мәтіндерді оқи алмады. Шәкірттердің өз бетінше оқуды игеру бірнеше жылдарға созылды. XIX ғасырдың соңына дейін медреселер ескі әдіспен оқытты (қадыми – ескіше). Ескі әдіс бойынша оқытуда әріптерді қосу арқылы оқу әдісін қолданған болатын. Оқушылар араб әліпбиінің әріптерін дауыстап айтып, буындар қосып, одан кейін ғана сөзді жатқа жаттаған, араб әріптерінің түрлі жазылу жолдарын да жатқа жаттау керек еді. Мектептерде ана тілі оқытылмады. Тек діни мәтіндерді жаттаған мектеп шәкірттері ана тілінде оқуды және жазуды білмейтін болған.

Мектеп мен медреселер жергілікті халық арасында жоғары беделге ие болды. Патшалық өкімет мұсылмандық оқу орындардың қызметіне және дамуына барынша кедергі келтіруге тырысты. Ресей шенеуніктері орыстандыру саясатын жүргізу үшін мектеп пен медреселерге тіпті полицейлік бақылаулар мен құпия тыншыларды да жіберіп отырған. Солардың мәлімдемелері негізінде жұмысын тоқтатып немесе жауап тастап отырған болатын.

1860 жылдары Қазақстан мен Орта Азияны Ресей империясы толық жаулап алу үрдісін аяқтады. Патша әкімшілігі жаңа қосылған аймақтарда өзінің отарлау саясатының тетіктерін жоспарлы түрде күшейтуді дұрыс санады. Жергілікті халықтардың өкілдері саяси үкімет пен мемлекет басқару мекемелеріне жолатылмады. Патша үкіметі отаршылдық саясатын түбегейлі орнықтыру мақсатында ең алдымен жаңа формадағы мектеп, медресе ашу және оған жергілікті қазақ, қырғыз, өзбек балаларын тарту арқылы ислам дінінің ықпалын ығыстыруды көздеді. Бұның айғақтарының бірі ретінде 1870 жылы патша үкіметі тарапынан енгізілген медреселерде міндетті түрде орыс тілін үйретудің ережесін атауға болады [4, 85].

1873 жылы Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман тарапынан ұсынылған «Түркістан өлкесіндегі оқу бөлімін түзу мен халыққа білім беру ісін ұйымдастыру жоспары» бойынша жергілікті мұсылман және орыс балаларын бірлесе оқытудың тәсілдері мен амалдары қарастырылды. «Бірге оқыту бұратана халық балаларының негізгі ұғымдарындағы айырмашылықтарды жоюға әсер ете отырып, басып алынған өлкенің ассимиляциялану ісіне маңызды пайда әкеледі» деп санады [13, п.8]. Осы жоспарға сәйкес 1873 жылы Түркістан қаласында Александр Тихомировтың бастамасымен халықтық мектеп ашылды. 1879 жылы 18 қыркүйекте бұл мектеп екі жылдық қалалық училище болып өзгертілді. Бұл оқу орнында жергілікті халықтың балалары білім алды. Училище жанынан 20 оқушыға арнайы пәтер беріліп тұрды [14, 133].

1878 жылы Түркістан өлкесінің оқу орындары Басқармасының тапсырысы бойынша арнайы естелік кітапшасы шыққан болатын. Кітапшадағы мәлеметтер бойынша Сырдарья облысында 8 бастауыш мектеп болса, оның бесеуінде (Әулие-Ата, Қазалы, Перовск, Ташкент, Шымкент қалаларында) - ерлер және әйелдер бөлімі, екеуінде (Ходжент, Шыназ) – бірлескен, ал Түркістан қаласында – ерлер мектебі болғаны туралы айтылады [15, 111]. Осындай кітапшалар 1878-1879, 1879-1880, 1880-1881 оқу жылдарында шығып, кейін тоқтатылды.

1884 жылы Түркістан қаласында ересектер үшін кешкі оқу курстары ашылып, 1886 жылы тыңдаушылар саны азайған соң жабылады. 1887 жылдан бастап училищеде түстен кейінгі ауысымда қыз балалар білім алады. Қыздар үшін ашылған сыныптар 1890 жылға дейін жұмыс жасап тұрды. 1887 жылы

училище жанынан аяқ киім тігу кәсібiне үйрететiн арнайы сыныптар ашылады. 1905 жылдан бастап қол шеберлiгi сыныптар да ашылады. Ол уақытта училищеге жылына 8500 сом ақша бөлініп, оның 2360 сомы қазынадан, 400 сом қала тұрғындарының салығынан, 5515 сом жерден және 400 сом оқушылар үшін жиналған салықтардан құралды. Солай болса да әр уақытта училище басқарған меңгерушілері бөлінген қаражатты тиісті мақсатта пайдаланбай, оны жымпитудан бас тартпады. Мысал ретінде айтсақ, бір меңгеруші қомақты ақша жинап, оны жергілікті еврей саудагерлеріне несиеге беріп отырғаны белгілі [16,133]. Осындай себептерден де әрине білім мекемелерінің жағдайы өте төмен болды. 1910 жылы училищеде жалпы 82 оқушы білім алып отырды. Оның ішінде орыс - 49, қазақтар - 23, сарт - 4, татар - 1, еврейлер - 5 шәкірт оқыды [17, 133].

XIX ғасырдың соңында мұсылман оқу орындарының саны өсе бастады. Түркістан қаласы мұсылман діни оқу орындарының орталығы болды. 1886 жылы Сырдарья облысы бойынша 31 медреселерде 1121 оқушы, 1866 мектепте 29572 оқушы оқыған. 132579 жалпы бала санынан, 32074 бала, яғни 24 % білім алып отырды. Бұл көрсеткіш жалпы халықтың санынан 1,9% құрайды. Орыс мектептерінде 1454 мұсылман балалары, яғни 1,1 %, оқыған. Соның ішінде Түркістан қаласында 1871 жылы 1 медресе және 14 мектеп болды. Медреседе 35 оқушы, 14 мектепте – 250 ұл және 32 қыз оқушылар білім алып отырды. 1879 жылы 1 медресе – 30 оқушы, 15 мектеп – 322 оқушы болды [18, п.22]. Жыл сайын мектептеп мен медреселер саны және оларда білім алатын шәкірттердің саны артып тұрды. 1892 жылы Сырдария облысында жалпы 1497 мектеп және 35 медресе болы, оқушылар саны – 27082, 1893 жылы – 2458 мектеп пен 34 медреседе 28868 оқушы білім алған [19,16-17].

Мұсылман мектептері мен медреселер көбінесе жергілікті жеке азаматтардың есептерінен қаржыландырылып тұрды. Мектептерде оқу төлемақы алынбағанымен, оқушылардың ата-аналары ақшалай немесе түрлі бағалы сыйлықтар беріп отырған [20,59]. Алғашқыда мектептер «ықпалды байлардың балаларының орнына» кедейлердің балаларымен толықтырылып тұрды. «Жалған оқушыларға» тіпті арнайы «мектеп пұлы» деп аталатын жасырын алым-салық тәрізді төленіп тұрды. Көп ұзамай мұндай тәртіп жойылды [21,133].

Орыстандыруды көздеген Ресей империясы отар аймақтардағы халықтарды қатаң бақылауға алды. Патша үкіметі орыстандыру саясатын жүргізу мақсатында араб жазуын қолданыстан шығаруды көздеді. Араб графикасын орыс әліпбиімен алмастырып, орыстар мен жергілікті халықтардың балалаларын оқытатын орыс-түзем мектептерін аша бастады. 20 шілде 1886 жылы орыс-түзем мектептерін ашуға арнайы заң қабылданған соң, өлкеде 14 мектеп ашылады.

1886 жылы 12 маусымда Түркістан уезі жойылып, орнына Сырдарья облысы Шымкент уезі құрамындағы Түркістан учаскесі құрылады. Түркістан учаскесіне 16 болыс кіреді (Ақтөбе, Жылыбұлақ, Қарнақ, Қаратау, Қаракөл, Шу, Ноғай-Қира, Хантағы, Сарыөзек, Созақ). Болыстардың негізгі тұрғындары қазақтар болды. Созақ және Қарнақ болыстардың тұрғындарын негізінде өзбек ұлты құрады [22,п.6-7]. Қарнақта (Түркістаннан 25 шақырым жерде орналасқан елді-мекен) 4 медресе болған. Бұл медреселерде білім алып отырған оқушылар саны 200-ге дейін жетті. Түркістан мұсылмандық орталық ретіндегі қызметінде Қарнақтың ерекше орны болған.

Түркістан қаласында орыстар мен жергілікті халықтарға арналған бір сыныптық мектеп 1888 жылы ашылды. Оқушылар саны – 20 адам 1911 жылы училище екі сыныптық болып өзгертілді. Оқу орыны қазыналық мекеме үйінде орналасты. Оқушылар саны 65 адамға дейін жетті. 1912 жылы оған қоса кешкі курстар ашылып, оларда 30 дан 60 адамға дейін ересектер білім алды [23, 133]. Екінші сыныпта арифметика, тарих, география, жаратылыстану пәндері оқытылды.

1890 жылы Түркістан қаласында шіркеу жанындағы әйелдер училищесі ашылды. 1911 жылы училищеде 26 оқушы ғана болды, оның ішінде 8 оқушысы – еврей ұлтынан.

Архив деректері бойынша 1890 жылы Түркістан қаласында жалпы оқу орындары мен оқушылар саны:

- 1) Интернаты бар екі сыныптық училище (оқушы саны – 33 ер балдар);
- 2) Әйелдер училищесі (оқушылар саны – 12);
- 3) Орыс-түземдік мектеп (оқушылар саны – 16);
- 4) Медресе – 2 (оқушы саны – 90 ер бала);
- 5) Мектептер – 21 (оқушылар саны – 220 ер балдар);
- 6) Еврей мектептері (хедер) – 6 (оқушы саны – 80 ер бала) [24, п.55].

Орынбор-Ташкент темір жолы бойында орналасқан Түркістан станциясы жанынан темір жол училищесі 1877 жылы ашылып, 1910 жылы оқушылар саны – 229 болды [25, 134]. Бастауыш училищелері жоғары және төменгі болып бөлінді. Жоғары училищелер 1912 жылы ашыла бастады. Төменгі бастауыш

училищелердің бағдарламалары жиі өзгеріп, тұрақсыз болды. 1885 жылы - 4 жылдық, 1895 жылы – 3 жылдық, 1897 жылы жаңа бағдарлама енгізілді.

XX ғасырдың басында дәстүрлі білім жүйесіне негізделген мектептер мен медреселер қоғамның білімге деген талпыныстарын қанағаттандыруда дәрменсіздік көрсетті. Мұсылман мектептерін реформалаудың шарттары туындады. Оны іске асыруға ұмтылушылардың қозғалысы пайда болып, ол жәдитшілдер атауына ие болды. Олардың басты айырмашылықтары зайырлы білім беру жүйесі мен дәстүрлі білімнің озық үлгілерін өзара үйлестіре білумен өлшенді. Мектептер мен медреселердің оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқу құралдары жаңа әдіс бойынша қайта дайындалды. Жәдитшілдер білім беруді уақыт талабына сай өзгертуді және барынша жеңілдетіп, оқыту мерзімін 6 жылдан 2-3 жылға дейін қысқартуды көздеген болатын.

Қазіргі Қазақстан жеріндегі ең алғашқы жаңа әдіске сүйенген мектеп 1900 жылы Түркістан қаласында қалыптасты. Осындай білім жүйесіне негізделген мектеп кейіннен басқа да өңірлерде ашылды. Жаңа әдісті мектептердің қабырғасында көптеген қазақ зиялыларының өкілдері білім алып шықты. Нақты тоқталар болсақ, олардың қатарында кеңестік Түркістанның қоғам және мемлекет қайраткері С.Қожанов 1910 жылы Түркістандағы 4 сыныптық орыс-түзем бастауыш мектебін, 1913 жылы 3 сыныптық қалалық мектебін аяқтаған болатын.

Жаңа әдіске негізделген білім жүйесі мұсылман балаларына хат тануды үйретуде буындап оқыту тәсілінен дыбыстап үйрету формасына көшуді ұсынды. Оның тиімділігі мынадан көрінді. Егер бұрын буын арқылы оқытуда әліпбиді 3 жылда үйренсе, дыбыстап үйретуде бала қажетті білімді 2-3 айда меңгеруге қабілетті болды. Аталғандай жаңа тәсілге ұйғарылған оқыту жүйесінің негізін қалаушы, түркі халықтарының білім-ағарту салаларындағы белгілі ғалым Исмаил Гаспринский болды. Олардың оқу-ағарту саласындағы ағымы «жәдидизм» деген атауға ие болды. Жәдитшілдер білім беру орындарында жаратылыстану ғылымының пәндерін оқытудың тиімділігін айқындады. Осы мақсатта арифметика, география, тарих сияқты зайырлы пәндерді оқыту қажеттігін жан-жақты дәлелдеуге ұмтылды. Жаңа мектептерде білікті мұғалімдер дәрістер ұйымдастырды және олар керекті оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді. Ал, оқыту тәсілдері мен көрнекі құралдары бір-біріне үйлесімді құрастырылды. Бірақ та жаңа әдіске сүйенген мектептердің ауқымы елге кең тарала алмады. Себебі, патша әкімшілігінің тарапынан қолдауға ие болмады. Жергілікті билік мектептердің жоғары деңгейде насихатталуы мен қоғам ортасында мықтап орнығуына қарсылық көрсетті. Оның себептері де жоқ емес еді. Патша билігі жаңа білім мектептерінің панисламизм мен пантүркизмнің идеологиясын қуаттайтын тамыр деп қабылдады. Осыған байланысты 1917 жылы Қазақстан аумағында 100-ге жуық жаңа әдісті мектептер қызмет атқарды. Жәдитшілдік реформалар білім беру мен ағарту ісін ғана емес, ұлттық сана, саяси өмір мен мәдениет салаларын қамтыды. Жәдиттік мәдени-ағартушылық қозғалыс дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесінің кемшіліктерін жоюға және модернизациялауға бағытталды. Жаңа білім ағымының аясында мұсылмандық мектептің өкілдері өздерінің жаратылыс жайлы дүниетанымдарын кеңейтуге қолайлы мүмкіндік алды. Ол зайырлы білім мен мұсылмандық білімді ұштастыру арқылы ғана мүмкін бола алды. Осы бағытта бірқатар оқу-білім реформалары қолға алынды.

Архив құжаттарының көрсеткіштері бойынша 1904 жылы 1 шілдеде Сырдарья облысы бойынша 6 қалалық училище болды, олардың біреуі Түркістан қаласындағы екі класстық халықтық училище. Орыс-түземдік мектептер саны облыс бойынша 28 болды. Соның ішінде біреуі Түркістан қаласында орналасты. Облыс бойынша медреселердің жалпы саны – 29 болса, соның ішінде Түркістан қаласында екеуі - Бадиль датқа және Ахмед Баябашы медреселері [26, pp.6-9]. Бадиль датқа (Ишан-құл) медресесінде 30-50 оқушы білім алып отырды, Ахмед байдың медресесінде 50-60 оқушы болды. Добромыслов еңбегінде «Ишан құл датқа медресесі Түркістан қаласында 100 жыл бұрын, яғни XIX ғасырдың басында ашылған» деп көрсетіледі [27,134]. 1821 жылы және 1875 жылы ашылған Түркістан қаласында 2 медресе болғаны туралы нақты К.Бендриковтың мәліметтері бар [28,51].

1908 жылы Түркістан қаласында кітапхана ашылады. Кітапхана жұмысы үшін қала қазынасынан 300 сом бөлініп тұрды. Оқырмандар саны 20-ға жуық болды [29, 135].

1908 жылы Түркістан өлкесіндегі жәдиттік оқу орындарының білім беру қызметі тексерілді. Тексеру комиссиясының басшысы граф Пален бірнеше мектеп-медреселерде аралап, олардың діни күштілігі туралы ескертіп, орыс-түземдік мектептердің өлкедегі негізгі қызметі туралы ашық айтқан болатын [30, п.21]. Түркістан өлкелік оқу ісінің бас инспекторы Н.П.Остроумов қазақтардың арабша жазуын міндетті түрде орыс алфавиті негізіндегі жазуға алмастыруға ерекше шешуші мән берді. 1909 жылы бас инспектор Н.П. Остроумов ұсынған жаңа әдісті мектептер ашу туралы жобасын 1912 жылы Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Самсонов бекіткен болатын. Осы бес тармақтан тұратын Ережелердің

екінші тармағында «жаңадан ашылып жатқан мектептерде ұлты татар мұғалімдер өздерінің мектептеріне өзбек, қазақ, тәжік, қырғыз, т.б. Түркістан өлкесінде тұратын ұлттардың балаларын қабылдауға тыйым салынды. Сондай ақ, өзбек, қазақ, тәжік, қырғыз т.б. мектептерде татар мұғалімдеріне сабақ беруге болмайтыны» ескерілді [31,90]. 1876 жылы 6 ақпан күні фон Кауфман халық ағарту министрі Д.А. Толстойға жазған хатында орыстандыру саясатын жүргізуде бәсекелестер болып тұрған қазан татарлары қызметін шектеу үшін "мұсылман әдебиетін басып шығаруға және таратуға тыйым салуды" сұраған болатын [32, 10]. Жаңа әдісті оқу орындарын ашу үшін халық училищелері инспекторының арнайы рұқсаты қажет болды. Мектептерде орыс тілін оқыту керектігі ескерілді. Осы ережелер негізінде патша өкіметі халық ағарту саласында мұсылман медресе-мектептерін аралас орыс-түземдік мектептермен алмастыруға тырысты. Мұсылмандық оқу орындарын жабу себептерін табу үшін оларды жиі тексеріп тұрды. Инспекторлар әр бір тексеріс нәтижесіндегі табылған түрлі кемшіліктер туралы, көп жағдайда санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкестікке байланысты, жеткізіп отырды. Мұсылмандық білім беру орындарды бақылауда ұстау үшін тіпті арнайы тыншылар да жіберілген болатын.

1910 жылы жергілікті халық арасынан білім алып отырған оқушылар саны бойынша ең көбі Түркістан қалалық училищесінде болды. Училищедегі 82 оқушының 28-і (34%) жергілікті тұрғындардың балалары. Олардың 23 қазақ, 4 өзбек, 1 татар. Түркістан қаласында 1897 жылғы санақ бойынша жалпы халық саны 11253 адам болса, орыс ұлты тұрғындарының жалпы саны 312 адам (2,8%) болды [34, 129].

1912 жылы Түркістан қаласындағы жаңа әдісті мектепте ұл балдар мен қыз балдарға арналған арнайы бөлімдерінде жалпы 60 оқушы білім алды [33, 260]. 1917 жылға қарай Түркістанда жергілікті халыққа қызмет көрсетіп отырған мектептердің үш түрі болды: 1) мұсылмандық мектептер мен медреселер; 2) жаңа әдісті мектептер (жәдидтік); 3) зайырлы орыс-түземдік мектептер [35, 348].

Қорытынды. XX ғасырдың басында қанат жайған мұсылман мектеп-медреселері мен білім орындарының оқу-ағарту жүйесіндегі орны ерекше маңызға ие болып табылады. Аталған оқу орындарынан білім алғандар зиялылар қатарын толықтырып, қазақ қоғамының мемлекеттік билігінде белсенді қызмет етті.

XX ғасырдың басында жәдидшілдіктің ықпалымен білім беру жүйесінің мазмұнында өзгерістер енгізіліп, жаңа әдісті мектептер ашылды.

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы Түркістан қаласының аумағындағы тарихи үдерістерге жасалған ғылыми талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, мазмұндық, сипаттық жағынан өте күрделі болғандықтан оның қоғамдық өмірді жаңалаудағы нәтижелері де барынша қайшылықты болды. Отарлық биліктің осы бағыттағы ұстанған саясаты қоғамдық өмірдегі мәдени, рухани ерекшеліктерді ескермей, ұлттық мүддені жалпы империялық мұраттармен алмастырды.

Түркі халықтарының рухани санасында өзіндік рөлі бар Түркістан қаласы Ресей империясының шалғайдағы басқару уездерінің бірі болды. Онда әскери-гарнизон мен Орынбор-Ташкент теміржолының вокзалы орналасты. Бұндай күрделі құрылымның генезисі аймақтың ғасырлар бойы орныққан саяси, экономикалық және рухани интеграциялық дәстүрлері мен тарихы Ресейдің патша өкіметінің Түркістан қоғамын модернизациялау барысында қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912. – 204 с.
2. Алексеев И.Л. Н.П. Остроумов о проблемах управления мусульманским населением Туркестанского края //Сборник Русского исторического общества. Т. 5 (153). Россия и мусульманский мир. – М., 2002. – С. 90.
3. Бартольд. История культурной жизни Туркестана. – Ленинград, 1927. – 256 с.
4. Туркестан в имперской политике России. Монография в документах. – М., 2016. – 880 с.
5. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы, 2010. – 400 б.
6. Садуақасова З.М. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (вторая половина XIX-начало XX веков) – Алматы, 2005. – 345 с.
7. Нуртазина Н. Народы Туркестана: проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). – Алматы, 2008. – 166 с.
8. Камзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы, 2013. – 192 б.

9. Смагулова С. Қазақстандағы мұсылмандық оқу орындары мен ағартушылық қоғамдар (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы) // *Түркологиялық жинақ/ жауапты редакторлары: Ескеева М., Аманжолова Д. – Астана (Нұр-Сұлтан), 2012. – 768 б.*
10. Адельбаева Н.А. «Исторический опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX- начале XX веков: дис. ... док.ист.наук.-Уральск, 2010. – 295 с.
11. ҚРОМА, 145-қ, 1-т, 5-іс, 4-п.
12. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. Ташкент. 1912. – 204 с.*
13. ҚРОМА, 145-қ, 1-т, 5-іс, 8-п.
14. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент. 1912. – 204 с.*
15. Бендриков К.Е. *Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924). – М., 1960. – 520 с.*
16. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент. 1912. – 204 с.*
17. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912. – 204 с.*
18. ТОМА 1129-қ, ба – т., 17-іс, 22-п.
19. Сабитов Н. *Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата, 1950. – 42 с.*
20. ҚРОМА. 145-қ., 1-тізб., 84 – іс, 54 п
21. Бартольд. *История культурной жизни Туркестана*
22. ҚРОМА 145-қ., 1-т., 95-іс, 6-7 пп
23. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент.*
24. ҚРОМА. 145-қ., 1-т., 84-іс, п.55
25. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент.*
26. ТОМА. 1129-қ., ба-т., 12-іс, 6-9 пп.
27. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент.*
28. Бендриков К. *Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924)*
29. Добросмыслов А.И. *Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент.*
30. РФМА. 543-қ., 1-т., 483 –іс., 21-п., 67-70 п.п.
31. Алексеев И.Л. Н. П. *Остроумов о проблемах управления мусульманским населением Туркестанского края //Сборник Русского исторического общества. Т. 5 (153). Россия и мусульманский мир. – М., 2002. – С. 90.*
32. Жолсеитова М. *Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесінің тарихынан. – Алматы, 2004. – 64 б.*
33. Бендриков К. *Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924).*
34. Бартольд. *История культурной жизни Туркестана.*
35. Lazat S. Dinasheva, Akmaral D. Sandybaeva, Gulnara Kaibuldaeva, Gauhar J. Primkulova. *Features of the Formation and Establishment of the Public Education in the Turkestan Region in the Late XIX - Early XX Centuries // Man In India, 97 (26) Volume : No.97 (2017) Issue No.:26 (2017) Part 3 : 347-356, Serials Publications.*

References

1. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent. Tashkent. 1912. – 204 s.*
2. Alekseev I.L. N.P. *Ostroumov o problemah upravlenia musulmanskim naseleniem Turkestanskogo kraja // Sbornik Russkogo istoricheskogo obshestva. T. 5 (153). Rossia I musulmanskiy mir. – M., 2002. – 90 s.*
3. Bartold V. *Istoria kulturnoi jizni Turkestana. Leningrad, 1927. -256 s.*
4. *Turkestan v imperskoi politike Rossii. Monografiya v dokumentah. – M., 2016. – 880 s.*
5. Myrzahmetov M. *Kazakh kalai orystandyryldy? – Almaty, 2010. – 400 s.*

6. Sadvakasova Z. *Duhovnaja jekspansija carizma v Kazahstane v oblasti obrazovaniya i religii (vtoraja polovina XIX - nachalo XX vekov)*. Almaty. 2005. -345 s.
7. Nurtazina N, *Narody Turkestana : problemy islama, integracii, modernizacii i dekolonizacii (na rubezhe XIX - XX vekov)*. Almaty, 2008. -166 s.
8. Kamzabekuly D., Omaruly B., Sharip A. *Ұлттық әдебиет және дәстүрлі mental'dik*. – Almaty, 2013. – 192 b.
9. Smagulova S. *Kazakstandagy musulmandyk oku oryndary men agartugshylyk kogamdar (XIX-XX g.g.) Turkologijalyk zhinak. zhauapty redaktorlar Eskeeva M., Manazholova D.* Astana, 2012. -768 b.
10. Adel'baeva N. *Istoricheskij opyt stanovleniya i razvitija shkol'nogo obrazovaniya v Kazahstane v XIX-nachale XX vekov): dis. dok.istor. nauk. - Ural'sk, 2010. - 295 s.*
11. KROMA, 145-k., 1-t., 5-is, 4-p.
12. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* Tashkent. 1912. -204 s.
13. KROMA, 145-k., 1-t., 5-is, 8-p.
14. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* – Tashkent. 1912. – 204 s.
15. Bendrikov K.E. *Ocherki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestane (1865-1924)*. – M., 1960. – 520 s.
16. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* – Tashkent. 1912. – 204 s.
17. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* – Tashkent. 1912. – 204 s.
18. TOMA 1129-k., 6a-t., 17- is., 22-p.
19. Sabitov N. *Mekteby i medrese u kazahov*. – Alma-ata, 1950. – 42 s.
20. KROMA 145-k., 1-t., 84 –is, 54-p.
21. Bartold V. *Istoria kulturnoi jizni Turkestana. Leningrad, 1927. -256 s.*
22. KROMA 145-k., 1-t., 95 -is, 6-7 p.p.
23. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* – Tashkent. 1912. – 204 s.
24. KROMA 145-k., 1-t., 84-is, p.55
25. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* Tashkent. 1912. -204 s.
26. TOMA. 1129-k., 6a-t., 12-is, 6-9 pp.
27. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* – Tashkent. 1912. – 204 s.
28. Bendrikov K.E. *Ocherki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestane (1865-1924)*. M. 1960.
29. Dobrosmyslov A. *Goroda Syrdarinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shimkent.* Tashkent. 1912. -204 s.
30. RFMA. 543-k., 1- t., 483 –is., 21-p., 67-70 p.p.
31. Alekseev I.L. N.P. *Ostroumov o problemah upravleniya musulmanskim naseleniem Turkestanskogo kraja // Sbornik Russkogo istoricheskogo obshestva. T. 5 (153). Rossia I musulmanskiy mir. – M., 2002. – 90 s.*
32. Jolseitova M. *Kazakstandagy musulmandyk bilim beru juesinin tarihyan.* – Almaty, 2004. – 64 b.
33. Bendrikov K.E. *Ocherki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestane (1865-1924)*. – M., 1960.
34. Bartold V. *Istoria kulturnoi jizni Turkestana. – Leningrad, 1927. – 256 s.*
35. Lazat S. Dinashava, Akmaral D. Sandybaeva, Gulnara Kaibuldaeva, Gauhar J. Primkulova. *Features of the Formation and Establishment of the Public Education in the Turkestan Region in the Late XIX - Early XX Centuries // Man In India, 97 (26) Volume : No.97 (2017) Issue No.:26 (2017) Part 3 : 347-356, Serials Publications.*